



РЕЙТИНГ

ҚР ЖОО СҰРАНЫСТЫҢ ТӘУЕЛСІЗ РЕЙТИНГІ - 2024 (IAAR)

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының «ТОП-20» Бас рейтингінің нәтижелері бойынша Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 4-ші орынды иеленді.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы профессор-оқытушылар құрамының «ТОП-50» Бас рейтингіне біздің университеттің төрт оқытушысы кірді: В.Н.Косов - 36; Е.А. Бөрібаев - 37 орын; Ж.А.Хамзина - 37 орын; А.К.Жармағанбетова - 49 орын.

«Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша ғылым салалары бойынша институционалдық рейтингте университет білім берудің барлық деңгейлері бойынша (бакалавриат, магистратура, докторантура) 1-ші орынды иеленді. Сонымен қатар, ТОП-10 құрамына кадрларды даярлау ғылымының келесі салалары кірді: «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат», «Бизнес, басқару және құқық», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика».

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының рейтингінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің білім беру бағдарламалары топтары бойынша 64 ББ жұлделі орындарға ие болды, оның ішінде 31 ББ - 1-орын, 20 ББ - 2-орын және 13 ББ - 3-орын.

THE IMPACT 2024 ЖАҢАНДЫҚ РЕЙТИНГІНДЕ



2024 жылдың 12 маусымында университеттердің БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына сәйкестігін бағалайтын THE Impact Rankings 2024 рейтингінің нәтижелері жарияланды.

Рейтингке 125 елден/аймақтан 2152 университет қатысты. Мәліметтер бойынша университеттерін бағалауға ең көп ұсынған мемлекеттер: Үндістан - 96, одан кейін Түркия - 91 және Пәкістан - 89. Рейтингте үздік 5-тікті Батыс Сидней университеті (Австралия), Манчестер университеті (Ұлыбритания), Тасмания университеті (Австралия) бастап, қалған 2 орынды Аалборг университеті (Дания) мен Мельбурн корольдік технологиялық университеті (Австралия) бөлісті.

Жоғары білімнің қазақстандық сегменті 26 ЖОО негізінде ұсынылды. Абай атындағы ҚазҰПУ жаһандық рейтингте 1001-1500 позициясын иеленді, бұл ҚР бойынша 4 орынға сәйкес келеді, көшбасшылықты Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 401-600 нәтижесімен бастаса, екінші және үшінші орындар 801-1000 диапазонында орналасқан ALMAU және Қарағанды медицина университеттеріне тиесілі.

Абай атындағы ҚазҰПУ ТДМ бойынша келесі үздік нәтижелерге қол жеткізді:

- 5 - «Гендерлік теңдік».
- 12 - «Жауапты тұтыну мен өндіру».
- 16 - «Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар».
- 17 - «Тұрақты даму үшін серіктестік».

Рейтинг бойынша толық ақпарат <https://www.timeshighereducation.com/impactrankings>.

ТАЛАПКЕР-2024

Талай шәкірттерді түлетіп, білім көкжиегіне самғатқан тарихы терең білім ордасы өзінің 96 жылдық даңқты тарихында білікті, сұранысқа сай педагогтарды тәрбиелеуде оқ бойы озып тұр.

Қазақстанның атақты тұлғалары, табысты кәсіпкерлер мен қоғам қайраткерлері білім алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық еңселі оқу ордасы 1928 жылы іретасы қаланған еліміздегі ең алғашқы университет болып табылады. Абай университетінің кешені - бұл тек білім ошағы ғана емес, жоғары білікті кадрларды даярлайтын ірі ғылыми-зерттеу орталық ретінде маңызы басым орын. Университет педагогика мен гуманитарлық ғылымдардан бастап жаратылыстану және техникалық пәндерге білім алуға. «Педагогикалық сынып» жобасы аясында Алматы қаласының 14 мектебімен келісімге қол қойылған. Әлемдік аренадағы QS World University Rankings by Subject - 2024 беделді халықаралық рейтингі Қазақстан мен Орталық Азиядағы педагогикалық жоғары білім ордларының көшбасшысы деп танып, нәтижесінде Абай университеті еліміздегі 5 үздік университеттерінің қатарына кірді. Түлектерінің 95-96 пайызы дерлік еліміздің жетекші педагогикалық университетінде оқуды бітіргеннен

(Лотарингия университеті); «Шет тілі: екі шет тілі» (Пуатье университеті); «Маркетинг» (Пуатье университеті) қос дипломы білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізілетіндігі туралы хабарлайды. Аталған Қазақстан-Француз қос дипломы білім беру бағдарламалары аясында еуропалық стандарт деңгейінде мамандар даярланады.

Әлем университеттері сияқты Абай университеті де өзінің танымал түлектерімен мақтанады. Бүгінде әртүрлі аудандарда, облыс, тіпті республика көлемінде лауазымды қызмет атқарып жүрген азаматтар - осы ҚазҰПУ шәкірттері. Оның ішінде Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Мәдениет және

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ



дейінгі әртүрлі білім салаларын қамтитын білім беру бағдарламалары мен мамандықтарының кең ауқымын ұсынады. Мұнда кітапханалар, әр корпусқа орналасқан оқу залдары, мұражай мен өзінің баспаханасы бар. Студенттер бос уақытын тиімді пайдалануға жұмсай алады - оқу орнында 50-ден астам сан қилы үйірмелер мен клубтар, спорттық секциялар студенттер үшін жұмыс істейді. Университеттің заманауи және инфрақұрылымы дамыған материалдық-техникалық базасы бар. Оқу ғимараттарында арнайы компьютерлік сыныптар, лингофонды бөлмелер, 45 оқу және ғылыми зертханалар, 23 шеберхана, 101 интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген сынып бөлмелері бар. Ғылыми-инновациялық парк, STEM парк, радиациялық үдеткіш, нанотехнологиялар, робототехника зертханалары және басқа да маңызды нысандар жұмыс істейді. Салауатты өмір салтын ұстану үшін спорттық және жаттығу залдары, футбол алаңы және М.Әуезов атындағы спорт кешені жұмыс істеп тұр. Жалпы ауданы 17 мың ш.м. асатын 5 жайлы жатақханасы бар.

Абай университетінің ғылыми кітапханасы ақпарат пен кітап сақтаудағы ірі орталық болып табылады. Ең қызығы, кітапхананың сирек кітаптар қорында XVIII, XIX, XX ғасырларға тиесілі орыс, ағылшын, неміс, француз және басқа да тілдердегі 1.700.000-нан астам басылымдар мен көркем әдебиеттердің тамаша үлгілері сақталған.

Бүгінгі таңда университетте бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша 200-ден астам білім беру бағдарламаларымен 16 мыңнан астам студент

кейінгі бірінші жылы-ақ бірден жұмысқа орналасады. Білімгерлері Түркия, Корея, Франция, Польша, Литва, Латвияда білім алатын университет академиялық ұтқырлық бойынша 25 елдің 138 ЖОО-мен іскерлік қарым-қатынас орнатқан. Дәл осы бағдарламалар арқылы әртүрлі шетелдерде, Еуропа елдері мен Америкада оқимын, зерттеу жасаймын дейтін білім алушыларға, оқытушы-зерттеушілерге оқу орны айтарлықтай мүмкіндіктер қарастырған.

Ғасырдан астам тарихы бар оқу ордасының құндылығы - оның қашан ашылғанында емес. Негізгісі - мұнда кімдердің дәріс беріп, кімдердің тәлім алғанында. Кезінде институт қабырғасында Ахмет Байтұрсынұлы, Ораз Жандосов, Санжар Асфендияров, Сәкен Сейфуллин, Халел Досмұхамедов, Темірбек Жүргенов, Мұхтар Әуезов, Мәлік Ғабдуллин сынды ұлт мақтанштары дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеуге белсене атсалысқан болса, қазір мұнда ұстаздық атты ұлы қызметті абыроймен арқапал жүрген мыңнан астам профессор-оқытушылар сабақ береді. Олардың ішінде Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының 5 ғылым академигі мен 6 корреспондент-мүшесі, 74 профессор, 107 ғылым докторы мен 261 кандидаты, 113 PhD докторлары бар.

Биыл Абай университетінің Сорбонна-Қазақстан институтына 10 жыл! Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институты мен Лотарингия университетінің филиалы шеңберінде ағымдағы жылы бакалавриат бойынша «Халықаралық құқық» (Лотарингия университеті); «Экономика» (Пуатье университеті); магистратура бойынша «Халықаралық құқық»

ақпарат министрі Аида Балаева, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқарма мүшесі Нұрлан Жағыпаров, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының Басқарма төрағасы Құрманбек Жұмағали, Қазақстанның халық жазушысы Герольд Бельгер, ҚР Президенті Кеңесінің бастығы Махмұд Қасымбеков, «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы, «Kaspi.kz» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Вячеслав Ким, Жастар арасында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Президенті, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының директоры Рауан Кенжеханұлы, ақын Бақыт Беделхан, танымал әнші Медеу Арынбаев, Қазақстан және Әлем кубогының бірнеше мәрте чемпионы Мадияр Ашкеев, «Алаштық батыр қызы» атаған дзюдошы Замзагуль Файзоланова, жас спортшы Жамия Бақбергеновалар бар. Бұдан бөлек, көптеген қоғам қайраткерлері, әртүрлі фестивальдар, конкурстардың лауреаттары, ТМД елдеріне танымал КВН командаларының мүшелері, мәдениет пен спорт саласындағы жетістігі жоғары жұлдызды жандардың біразы аталған университетте тәлім алған.

Құндығыстың аспанын көтеріп тұрған Алатау атты алыптың етегіндегі Алматыдай әсем қалада орналасқан университеттің бас ғимаратының алдында ұлы Абайдың ескерткіші бой көтерген. Тарихи тұлғаның бейнесін тереңінен аша білген, жаз болса, жасыл желекке оранатын жоғары оқу орнына тиесілі бұл аула қала қонақтары мен тұрғындар жиі келіп, суретке түсетін керемет орын ретінде танымал.

Ұлттық ғылым академиясының академигі Дихан Қамзабекұлының Абай атындағы ҚазҰПУ туралы айтқаны бар, «Абай университетінің ғасырлық жолы - Алаш мұратына, отандық білім мен ғылым, мәдениет пен руханият құндылықтарына адалдық жолы».

Рас, бүгінде Абай университеті - танымал оқу орны. Талай шәкірттерді түлетіп, білім көкжиегіне самғатқан тарихы терең білім ордасы өзінің 96 жылдық даңқты тарихында білікті, сұранысқа сай педагогтарды тәрбиелеуде оқ бойы озып тұр. Мерейі асқақ, еңсесі биік, алып оқу орны алдағы уақытта да миссиясын өз деңгейінде абыроймен атқара бермек.

Абай университеті - қазақ білімінің қара шаңырағы, ұлы ұстаздар ұстаханасы!

Баспасөз қызметі

ОҢТҮСТІК ПОЛЮСКЕ ТҮ ТИККЕН - БІЗДІҢ ТҮЛЕК!



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі білім беру мәселелеріне тоқтала отырып, ұстаз біздің қоғамда әрдайым сыйлы тұлға екенін қадап айтқан болатын. Яғни біз, көпке үлгі болатын адамдардың өмір жолын лайықты көрсете алуымыз керек. Осы орайда саяхатшы-географ әрі әдіскер-ғалым, «Құрмет» орденінің иегері және Алматы облысы, Қаратал ауданының «Құрметті азаматы», туризм саласының білгір маманы, география ғылымдарының докторы Орденбек Мазбаев туралы сөз қозғауды жөн санадық.

Басы. Жалғасы 3 бетте

Никита Ганин: «АЛМАТЫДА ОҚУ – МЕНІ ШАБЫПТАНДЫРАДЫ»



Ресейдің тумасы Никита Ганин бүгінгі таңда Қазақстанда - Алматы қаласында орналасқан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім алуға. Бірінші курс студентінің қазақ елі туралы ой-пікірін білмек бол, әңгімеге тартып едік. Төменде сол екеуара сұхбатты қаз-қалпында беріп отырмыз.

Басы. Жалғасы 3 бетте

## ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫ

Семей өңірінде Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығына арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» халықаралық конференциясы өтті. Конференцияға ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрі Саясат Нұрбек, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Болат Тілеп, ғалымдар мен жазушылар, қоғам қайраткерлері қатысты.



Мақсаты - ел ісіне ғаділет көзімен Тілеп қазақтың ұлы ақыны, ойшылы қарап, қатаң тәртіппен жүрген, кесек Абай Құнанбайұлының есімін мақта- мінезді Құнанбай Өскенбайұлының нышпен алып жүрген Абай универси- тетінің бүгінгі жетістіктерін баяндап, профессор Ислам Жеменейдің «Абай шылығына әсері, әке мен бала қатына- Абай мұрасын жастар арасында сы сынды мәселелер тақылап, ғылыми насихаттаудағы белсенді жұмысына тұжырымдар ұсыну. тоқталды. Атап айтқанда, жуырда

Іс-шараның ашылуында ректор Болат Семей қаласында университет ғалым-

дарының жетекшілігімен Абай универ- ситеті мен Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалды музей қорығы арасындағы байланысты нығайту мақ- сатында арнайы іс-шара ұйымдасты- рылды. Сондай-ақ, жоғары нәтижеге қол жеткізген үздік студенттер мен магистранттарға Абай атындағы ар- найы стипендия тағайындалғаны айтылды. Сөз соңында ректор қазақтың Абай, Құнанбай Өскенбайұлы сынды көрнекті тұлғалардың шығармашы- лығын кеңінен насихаттау еліміздің мәдени мұрасын нығайтып, тарихи маңызын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Конференция аясында ғалымдардың Құнанбай тұлғасын тануға арналған баяндамалары тыңдалып, Құнанбай Өскенбайұлының қайраткерлік қыз- меті, Абай шығармашылығына әсері, әке мен бала қатынасы сияқты маңыз- ды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, Абай, Шәкәрім заманын бейнелейтін театрландырылған шағын көрініс және университет музейінің көне жәдігерлер көрмесі, шығыстанушы ғалым, профессор Ислам Жеменейдің «Абай әдебиетіндегі сана-сезім жетекшілері» кітабының тұсаукесері өтті.

Баспасөз қызметі

### СТУДЕНТ ПІКІРІ

## АБАЙДЫҢ ҚОҒАМҒА КӨЗҚАРАСЫ

Абайдың қара сөздерін негізге ала отырып «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе: Әуелі-ұрлық, ұрлықпен мал табу; Екіншісі – бұзақылар, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кек аласың, мықты боласың деп ауқаттыларды азғырып, әлек болып жүр». Қазіргі таңда халықты тура жолдан тайдырып, санасын улауды әдетке айналдырып алғандардың қатары көбеймесе азаяр емес.

Оның көрінісі әлеуметтік желідегі алаяқтардың белең алып күн санап өсіп жатқандығы. Қай өңірде болсын алаяқтық құрбаны болып жатқандар саны азаяр емес. Бүгінгі күні киберқауіпсіздік күллі әлем үшін аса маңызды мәселеге айналып отыр. Себебі технология қарыштап дамыған сайын хакерлер жеке адамдардың деректеріне ғана емес, ірі компаниялар мен ресми органдардың сайттарына да шабуыл жасай бастады.

Жоғарыдағы 11-ші қара сөзінде, ел ішіндегі сол кезеңде етек алған ұрлық-зорлықты, алтыбақан алауыздықты сынағандай. Күні кеше биліктің бір тұтқасын өз қолына алған апталтай азаматтарымыз, өздерінің лауазымды қызметтерін жеке бастарына пайдаланып қоймай, мемлекеттің қаржысын жымқырғаны әшкере етілгені бәрімізге мәлім.

“Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тияды?”

Алайда, Абай өмір сүрген кезеңдегі ұрлық пен қылмыстың арасы жер мен көктей. Мөңке би бабамыз: «Бақаны алтын таққа отырғызсаң да, алтын көрсе қарғы түсетін күйде» демекші қой үстіне бозторғай жұмыртқа- лаған заманда қолына билік алғанның нәтижесі болса керек.

Қу дүние қайта айналып келмейтіні сияқты, өткен уақытты қайтару ешбір пенденің қолынан келмейді. “Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым - солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді”.

«Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан» – деп басталады Абайдың қырық үшінші қара сөзі.

Абай бұл қара сөзінде адам баласының қалай ақыл жинақтайтыны, қалай өнерлі болатыны туралы сөз етеді. Бұ сөзді оқыған адам баланың, адамның қай қасиеті туған бойда болады, қай қасиеті үйренгеннен, көргеннен бойға сіңеді, осы сұрақтар туралы жауап табады.

Кімде-кім естігеннен ғибрат, көргеннен өнеге ала білсе, сол адам ақыл жинақтайды дейді. «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» дейтіндерді қатты сынап, олардың орынсыз Құдай тағалаға жала жабатынын, сол арқылы өзінің жалқаулығын жасырмақ болатынын мінейді.

Абай жанның да, тәннің де қуатының әу баста әлсіздеу болатынын ескертеді. Екеуі де жан мен тән иесінің жетілдіруі арқылы жетісетінін түсіндіреді. Тән қуатын жетілдіре, күшті боласың. Жан қуатын жетілдіре жүріп, өнерлі боласың. Бірақ бар нәрсенің өлшемі бар. Өлшемсіз кетсең өзің жобадан асып кетесің де, қара басың қалың топтан орын таппайтын дәрежеге жетесің. Тән мен жанды жетілдіру қажет екені әңгіме етіледі де, бірақ оларды жетілдіру, пайдалану көпшілік қабылдаған жобамен жүргені дұрыс дейді.



Абай атамыз қалың қазақтың алдына күрмеуі қиын сұрақты қойып, оның шешуін біздің ұрпаққа қалдырып кеткен секілді. Сұраққа жауап таба алмасақ та, қоғам індетіне айналған сыбайлас жемқорлық көріністерін айна қатесізе келтіргенін көре алғанымыз шүбәсіз шындық.

Сонымен Абай Құнанбайұлының қара сөзінен пайымдауымыз:

*Мұны жазған кісінің*

*Атын білме, сөзін біл.*

*Осы жалған дүниеден*

*Шешен де өткен не бұлбұл,*

*Көсем де өткен не дүлдүл,* – дейді. Кісілік пен адамгершілік, рухани тазарыс пен сана бостандығы жолындағы ерекше толғанысы.

**Шоқан ӘБЖАЛИ,  
Асылай СӘРСЕНҒАЛИҚЫЗЫ,  
Аяулым ҚАЛДЫБЕК**

*Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану  
мамандығының студенттері*

2024 жылдың 27 маусымында Қазақстандағы тұңғыш және жетекші педагогикалық жоғары оқу орны - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Науаи мен Абай: жалпыадамзаттық құндылықтар сабақтастығы» халықаралық форумы өтті.

Іс-шараға Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігінің, Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасының Бас консулдығының, Ә.Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінің, Ә.Науаи атындағы Науаи мемлекеттік педагогикалық институтының, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің, Ш.Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университетінің, «Алматы қаласының Өзбек ұлттық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің өкілдері, сондай-ақ Алматы қаласы жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Мақсаты - Науаи мен Абайдың бай мұрасына негізделген қазіргі қоғам дамуының рухани, тарихи және философиялық негіздерін насихаттау, ұлы ойшылдардың идеяларын зерттейтін әлемнің жетекші ғалымдары арасында диалог пен ынтымақтастық үшін жаңа алаң құру.

Форумның негізгі міндеттерінің бірі сенімді одақтас әрі маңызды серіктес болып табылатын Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ұрпақтар сабақтастығын және мәдени байланыстарды нығайтуға бағытталған ынтымақтастықты дамыту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру болып табылады.

## АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ НАУАИ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Форум аясында оқытушылар мен студенттер арасындағы Науаи шығармашылығына арналған пленэр, «Алматы қаласындағы студент жастардың шығармашылығындағы шығыс мотивтері» көрмесі, Науаи орталығының салтанатты ашылуы, Науаи оқулары: «Науаи - Әлем тілдерінде» мәнерлеп оқу конкурсы, сондай-ақ «Әлішер Науаи мұрасы: ғылым, білім және тәрбие синергиясы» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Іс-шараның ашылуында Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Болат Тілеп Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығына тоқталып, бұл бастама екі ел арасындағы ғылыми және академиялық қоғамдастықтың одан әрі ілгерілеуіне тың серпін беретінін атап өтті.

«Бауырлас елдеріміздің ынтымақтастығы өзара сыйластық, достық және тату көршілік қағидадарында табысты дамып келеді. Абай мен Науаидың құрметіне ұйымдастырылған бүгінгі форум соның айқын мысалы. Біздің ортақ мақсатымыз - рухани және мәдени құндылықтар сабақтастығын дамыту, сондай-ақ екі елдің жоғары білім мен ғылым саласын жаңғырту», - деді.

Өзбекстанның Алматыдағы Бас консулы Каюмов Абдурахим екі ел арасындағы ынтымақтастықтың терең тарихи тамыры бар екенін атап өтті.

«Форум аясында біз Науаи мен Абай шығармаларында көрініс тапқан ортақ мәдени мұраға құрметпен қарау арқылы осы сабақтастықты жалғастырудың маңыздылығын көріп отырмыз. Бұл ұлы ойшылдар бізге жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген болашақты құруға көмектесетін құнды сабақтар қалдырды», - деді Бас консул.

ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісінің кеңесшісі Қыстаубаев Ерғали: «Бұл іс-шара Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім беру ынтымақтастығын дамытудағы маңызды қадам болды. Бүгінде білім алмасуды нығайту бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр, бұл екі ел президенттерінің жоспарлары бойынша басымдық болып табылады. Соның бірі - Абай университетінде ұлы ақын Науаидың орталығын ашу болып отыр. Жақын арада Ш.Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті Орталық Азия мемлекеттері мен мәдениеті институтының жанынан Абай орталығын, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін ашу жоспарлануда. Ағымдағы жылдың тамызы айында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға мемлекеттік сапары күтілуде, бұл біздің ынтымақтастығымызды одан әрі тереңдету үшін тағы бір маңызды оқиға болмақ».

Форумда қазіргі заман контекстіндегі екі елдің мәдени мұрасы мен рухани дамуының маңызды аспектілері талқыланды. Сарапшылар мен форумға қатысушылар дәстүрлер мен мәдени әртүрлілік бағаланатын үйлесімді қоғамды қалыптастыруға ықпал ететін тарихи құндылықтарды сақтау және ынтымақтастық мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ Науаи мен Абай шығармашылығының әлемдік мәдениеттегі әдеби-көркемдік бағыттардың дамуына ықпалы, олардың қазіргі әлемдегі әмбебаптығы мен өзектілігі атап өтілді.

Абай университетінің бұл бастамасы екі ел арасындағы перспективалық ынтымақтастықты дамытуға және Өзбекстан университеттерінің ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеу арқылы жаңа ғылыми бағыттарды құруға бағытталған. Осылайша, жоғары оқу орындарының көшбасшылығы мен бәсекеге қабілеттілігін күшейтетін зертханалар мен халықаралық ғылыми мектептер құру жоспарлануда. Мамандарды даярлаудың түрлі бағыттары бойынша бірлескен диссертациялық кеңестер ашу, қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және академиялық ұтқырлықты кеңейту де ынтымақтастықтың маңызды аспектілері болып табылады.

«Науаи және Абай: жалпы адамзаттық құндылықтар сабақтастығы» форумы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени және ғылыми байланысты нығайтуға, сондай-ақ осы ұлы ойшылдардың бай мұрасын сақтауға және дамытуға ықпал ететін маңызды оқиғаға айналды.

Нұрсұлтан БАКАНОВ, докторант

Мектеп жасынан бастап Орденбек – спортпен шұғылданып, бокс және баскетболдан облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, разрядқа да ие болған. Кеңестер Одағы (КСРО) көлемінде ең үздік педагогикалық жоғары оқу орындарының бірі болып саналатын Абай атындағы ҚазПИ-ге 1971 жылы оқуға түсіп, көптеген танымал педагог-ғалымдардан білім алды. Олардың дәрістерін ынтымақтастықпен тыңдап, зерделеп қабылдады. Географиялық

тақырыбында диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атанды. Сол кездегі факультет деканы, академик Ә.С.Бейсенованың ұйымдастыруымен «География-туризм», «География-экология», «География-экономика» қосарлы мамандықтар ашылды. Орекең де өз кезегінде бұған атсалысып, Әлия Сәрсенқызының «Халықаралық туризм» мамандығын ашуына тікелей себепші болды.

жетекші жоғары оқу орындарына арнайы шақырылып, онда дәріс оқып жүр. Көптеген жыл Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Туризм» кафедрасының меңгерушісі, ал 2008-2013 жылдар аралығында осы оқу орнының «География-экология» факультетінің деканы болды. 2013 жылдың қыркүйек айынан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Физикалық және экономикалық география», «Туризм» кафедраларының профессоры. Бүгінгі

## ОҢТҮСТІК ПОЛЮСКЕ ТҮ ТІККЕН - БІЗДІҢ ТҮЛЕК!

тәжірибе барысында КСРО-ның көптеген жерлерінде болды. 1976 жылы аталмыш институтты қызыл дипломмен бітіріп, ұстаздық жолын Алматы облысы Жамбыл ауданының Фабричный (қазіргі Қарғалы) кентіндегі №1 орта мектепте география пәні мұғалімі ретінде бастады.

Бұл мектептегі Орекеңнің еңбек жолы жайлы әріптесі әрі жақын досы Исмайлжан Иминов және басқа да ұстаздар, оның жанында әрдайым оқушылар үйіріліп тұратын деп ерекше тебірене айтады. Ол мектепте жас туристер және фото-кино үйірмесін ұйымдастырып, оқушыларды туған өлкесінің табиғатымен таныстырып, оны суреттеуге және аялауға баулыды. Сонымен қатар, балаларға ұжымшылдық пен төзімділікті және табиғаттың қатал да қиын жағдайына төтеп беріп өмір сүруді үйретті.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында №1 Қарғалы орта мектебі, КСРО аумағындағы ең танымал мектептердің бірі болды. Мектеп директоры Құдыс Әбсеметұлы жас мұғалім Орденбек Білісбекұлының ұйымдастырушылық қабілетіне назар аударып, оны үш жылдан соң директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. Сол жылдары аталмыш мектеп әскери-патриоттық тәрбие беруден және туристік-өлкетанушылық жұмыстарды ұйымдастыруда елімізде көшбасшы бола білді. Нәтижесінде Құдыс Әбсеметұлының бұл еңбегі аса жоғары бағаланып, Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Бұл орайда Орекең өзінің сол кезде осы ұжымда болғанын және Құдыс ағаның мектебін өткенін мақтан тұтады.

Орекең ғылым жолын бастау мақсатында 1981 жылы өзі оқыған оқу ордасының жаратылыстану-география факультетінің «Физикалық география» кафедрасында еңбек жолын жалғастырады. Жас ғалымның ғылыммен қолданбалық тұрғыда, яғни туристік-өлкетанушылық бағытта шұғылданыуына оның спортпен, әсіресе Қарғалы орта мектебінен бастау алған туризм және автотуризммен айналысқан кездері үлкен әсер етті. Ұстаздық жұмыспен қатар авто және мототуризм бойынша КСРО чемпионатына қатысып, күміс жүлдегер атанды. Ол алғаш рет республикамызда туризм мамандықтарын даярлау бойынша ғылыми тұжырымдама берді. 1993 жылы «Болашақ география мұғалімдерін туристік-өлкетану іс-әрекетін басқаруға дайындау»



Орденбек Білісбекұлы 1994 жылы «Халықаралық балалар және жасөспірімдер туризм орталығының» директоры болып тағайындалды. Ол тәлімгер-ұстаз және экскурсовод, гид-нұсқаушы әрі туған өлкенің тарихын жақсы білетін білгір маман ретінде жасөспірімдермен Қазақстанның көптеген жерлеріне жорық жасады. Оның балаларға деген сүйіспеншілігі мен спорттық туризмінің арқасында көптеген ұл-қыз өмірден өз орындарын тауып, Отанымыздың лайықты азаматына айналды.

Ол, 2010 жылы «Қазақстан Республикасындағы туризмді аумақтық дамытудың географиялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. Қазіргі таңда оның оннан астам ғылым кандидаты мен докторы бар «туризм мен география» бойынша өзіндік мектебі қалыптасты. Қазірде ол, республикамыздың ЖОО-да география және туризм саласының мамандарын даярлауға атсалысуда. Орекең 660-тан астам жарияланымның авторы. Географ-ғалым Қытай, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан сынды бірқатар шетелдік

күнде ол Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді.

Орекеңнің саяхатшылық өмір белестері де аса қызықты, жалпы алғанда ол 20-ға жуық экспедициялар мен жорықтарға толы. Экспедицияларының ең бір атаулысы – Оңтүстік полюске жасаған «Антарктида экспедициясы». 2011 жылдың қараша-желтоқсан айларында профессор О.Б.Мазбаев аталмыш экспедицияның ғылыми жетекшісі бола отырып, «Қазақ географиялық қоғамының» мүшелерімен алтыншы континентке автокөлікпен барды. Бұл Антарктидаға жасалған ғылыми-зерттеу мақсатында автомобильді пайдаланған алғашқы қазақстандық экспедиция болды. 2011 жылдың 16-шы желтоқсанында олар Оңтүстік полюсте Қазақстанның туын тікті, осы орайда ол біздің Абай атындағы ҚазҰПУ-дің жалауын да ғаламшарымыздың түстік нүктесінде желбірте көтерді. Бұл дегеніміз, Антарктида материгінде полюсте болған әлем университеттерінің ішіндегі ең алғашқысы. Онда әріптестерімен бірге метео-, қарсынамасына және т.б. зерттеулер жүргізіп және қазақстандық поляр стансасының орнын да анықтаған болатын. Осы тарихи оқиғаны орындау жолында 108 сағат ішінде, Орденбек пен оның серіктестері Оңтүстік полюске жетті және бұл жетістік Гиннестің рекордтар кітабына енді.

Орденбек Білісбекұлының әдіскер-ұстаз ретіндегі мол тәжірибесі, жас ғалымдар мен мектеп педагогтеріне аса қажетті дүние. Жақында 70 жастың желкенін керген түлегіміз – профессор О.Мазбаевқа, оның мерейлі тойының қарсаңында Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Құрметті профессоры» атағы берілді. Осы орайда Орекеңді, 96 жылдық салиқалы тарихы бар бүгінгі күнгі талапқа сай бейімделген біздің «Қарт ҚазПИ-дің» түлегі және оның талантты өкілі ретінде мақтан тұта отырып, оған зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз. Әрі оқу-ағарту және білім мен ғылым саласындағы ұлағатты еңбегіңіз өз жалғасын таба берсін демекпіз.

**Талғат УВАЛИЕВ,**  
Жаратылыстану және география  
факультетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы,  
«География және экология» кафедрасының доценті

**- Қазақстандағы оқу қалай, көңіліңізден шығады ма, Алматыда білім алуға қаншалықты жағдай жасалған дер едіңіз?**

- Әрине, Қазақстанда білім алу үрдісі көңілмен шығады. Әсіресе, осындай сұлу, табиғаты көркем, адамдары жайсаң, елдегі ірі қалалардың бірі Алматыда оқу - мені әрдайым шабыттандырады.

Алматы - мәдениетке өте бай қала. Университетке келгенде, көшеде, үйге барғанда, әрдайым осы

орнын зерттеген QS World University Rankings by Subject беделді халықаралық рейтингінің нәтижесінде осы Абай университеті Қазақстан мен Орталық Азиядағы педагогикалық жоғары білім ордаларының көшбасшысы деп танылған. Осылардың барлығын сараптай келе, отбасыммен ақылдаса отырып, аталған оқу орнына келіп құжат тапсырдым. Менің ағаларым өздері сүймейтін, ол мамандық бойынша жұмыс

студенттер келіп, білім алады. Ал, ондағы білім жүйесінде айтарлықтай ерекшеліктер жоқ деп ойлаймын. Қазақстандағы сияқты, Ресей жеріндегі білім саласы өкілдері студенттерін нағыз өз ісінің маманы етіп шығаруға атсалысады. Ал, қалғаны өзіңе байланысты. Мен үшін өте қызықты факт - елдің мәдениеті. Бір ел туралы білгің келсе, сол елде тұрып, адамдарымен араласып көрудің құндылығы жоғары. Бұл баға жетпес

**тиімді немесе қиындық тудырып жүр?**

- Көптеген Еуропа елдерінде болдым. Ал, Қазақстанда тұру - өмір сүрудің ең тиімді тәсілі деп айтар едім. Қазақ жерінен көптеген достар таптым. Тіпті, олардың қай жүзден, қай рудан екенін де білемін.

Қазақ мәдениеті мені қатты қызықтырады. Ұлттық аспаптарына келсек, домбырада, шаңқобызда ойнай аламын. Қаласаңыз, сұхбат аяқталған соң, Құрманғазының «Адай» күйін орындап бере аламын. Өзім орындап жүрген күй тарихын да оқып, зерттедім.

## Никита Ганин:

### «АЛМАТЫДА ОҚУ – МЕНІ ШАБЫТТАНДЫРАДЫ»

өмірімнің бағалы екенін түсінемін. Мұнда әртүрлі халық өкілдері бір шаңырақтың астында тату-тәтті, ынтымақта өмір сүреді. Адамдардың ұстанымдары, өмір сүру қағидалары, діні әртүрлі болғанмен, бір-біріне жылы қарым-қатынас сыйлай алатындығымен ерекшеленеді. Мен оқып жатқан Абай университетінде студенттерге барлық жағдай жасалынған. Ол Қазақстандағы ең алғаш ашылған, тарихы терең оқу орындарының бірі. Бәріміз жоғары табыс тауып, жақсы жұмысқа орналасу үшін білім алудың мәні қаншалықты терең екенін білеміз. Ал, ол үшін жоғары оқу орнын дұрыс таңдаудың маңызы өте зор.

Алғашында шешім қабылдау қиынға соққанын жасырмаймын. Еуропадағы университеттердің біріне оқуға түсемін деген мақсат болған. Алайда, Қазақстан туралы ақпараттар бұл көзқарасымды түбегейлі өзгертті. Оның үстіне, мұндағы оқыту жүйесі ерекше, қолжетімді, әрі білім беру бағыты әлемдік стандарттардан еш кем емес. Енді ғана бірінші курсты аяқтадым. Соған қарамастан, қазақ өлкесі маған көптеген тәжірибе мен тағылым берді. Бұл ел - мүмкіндіктер алаңы. Дәл осы мемлекетке алған білімді бәсекеге қабілетті кез келген елде өз артықшылығымды көрсетуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

**- Білім алу үшін неге Қазақстанды, оның ішінде Абай университетін таңдадыңыз?**

- Қазақстанда оқуыма отбасымның кеңестері әсер етті. Бізді қызықтырғаны - психологияның, философияның оқу бағдарламалары. Оның үстіне, Абай университеті оқытудағы ең үздік технологияларды пайдалана отырып, ең үздік білім берудің әдіс-тәсілдерін ұсынады және студенттерге сапалы білім беріп қана қоймай, оларды сұранысқа ие маман, қоғамда орны бар тұлға болып қалыптасуына да ықпалын тигізеді. Мұнда өз саласы бойынша тәжірибесі мол мамандар сабақ береді. Менде тағы бір ақпарат бар. Әлемнің 1300 жоғары оқу



істегілері келмейтін саланы оқыған. Олар маған бұл қателікті қайталамауға түрткі болды.

**- Ресей мен Қазақстанда оқудың, яғни білім алудың қандай айырмашылықтары бар немесе ұқсастығы қандай?**

- Мен туып-өскен елдегі оқу орындары да әлемді өзіне қаратып отыр деп айта аламын. Мәселен, біздегі Мәскеу, Казань, Петербург сияқты үлкен қалаларда орналасқан жоғары оқу орындарына шетелдерден

тәжірибе екені анық. Мәселен, Қазақстанда оқу - маған осы елдің мәдениетін, салт-дәстүрін меңгеруге мүмкіндік берді. Өз басым, өмірді қиындатпай сүргенді ұнатамын. Оқу керек деген міндетпен қатар, мен мұны жағымды эмоцияларға толы саяхат деп те білемін. Сондай-ақ, шетелде оқудың бір жақсы тұсы - тіл үйрену. Мәселен, осында келгелі қазақ тілін тереңірек меңгеру үстіндемін, әрі ағылшын тіліне деген қызығушылығым арта түсті. Тағы бір айта кетерлігі, үйреніп жүрген тәжірибе. Тәжірибе мансап жолында өз пайдасын бермесе, артық болады деп айта алмаймын. Шетелде оқып келген маманға сұраныс жоғары болатынын баршамыз білеміз. Мен де Қазақстанда жинаған тәжірибемді пайдаланып, өз елімдегі кейбір азаматтарға қолжетімді мүмкіндіктерге жол ашамын деп ойлаймын.

Жаңа таныстықтар пайда болды. Қазір өз айналада әр түрлі елден келген студенттер көп. Бізді шетелден келген білім алушылар ретінде, ортақ мақсаттар біріктіреді. Сондай-ақ, қазақстандық студенттердің де қолдауы ерекше деп айта аламын. Тағы бір маңыздысы, жақсы оқу. Әлемдегі үздік жобаларда бой көрсеткің келсе, өз мүмкіндіктеріңді құр жібермеу керек деп ойлаймын. Ал, шетелде білім алудың кемшіліктері - отбасыңның жанында болмауы, достарыңыз немесе таныстарыңыз жоқ жаңа елде жалғыз боласыз.

**- Емтихандарын қалай тапсырдыңыз?**

- Өте жақсы. Барлығы ойымдағыдай. Уайымдамай, 2 курсқа дайындала берсем болады.

**- Алда жұмыс істеу үшін Қазақстанда қалатын ниетіңіз бар ма?**

- Әрине, ойым бар. Қазақстанның азаматтығын алғым келеді. Дегенмен, бәрі уақыт пен болашақтың еншісінде...

**- Қазақ мәдениеті қызықтырады ма? Оның ішінде қазақ ақын-жазушыларымен, салт-дәстүрімен танысып үлгердіңіз бе? Мұнда өмір сүру қаншалықты**

«Адайдың» тарихы тым тереңде жатыр. Бір қуантарлығы, әлі күнге дейін еш өзгеріссіз, түпнұсқасынан айырмашылық болмаған нұсқада орындалып келеді екен. «Адай» күйі бұрын ел батырларының намысын шыңдап, жігерін қайрайтын ұран ретінде орындалатын болған. Бір аңыздарда, күйдің белгілі адай руының бір сұлу қызына арналғаны туралы айтылса, бір естеліктерде дәл осы ру Исатай көтерілісінде көзге түсіп, елді сүйсінткен, ал, Құрманғазы Исатайға қосылған қолдың ішінде адайлықтар көп болғаны үшін, жігер беру мақсатында шығарған деседі. Ал, кейбір деректерде күйдің шығу тарихын былай сипаттайды. Құрманғазы бірде түркімендермен соғысуға бара жатқан 300 қаруланған әскерді көреді. Жоғарыдан бақылап тұрған күйшіні адайлықтар өз жеңістерімен таң қалдырады. Жігіттердің батырлығына риза болған ол, дәл осы күйді сол жерде шығарған деседі. Әрине, мұның барлығы тарих. Десе де, аталған күйдің қалай шыққаны емес, оның қазақ мәдениетінде алатын орны маңызды. Мен қазақ халқының рухани дүниесінде домбыраның, жетігеннің, қобыздың, жылқы, тіпті, қымыздың алатын орны ерекше екенін білемін. Қазақтардың қолы ашық, жүрегі мен мейірімі қандай кең болса, дастарханы да сондай бай. Ал, ақын-жазушыларына келетін болсақ, қазір Абайдың қара сөздерін оқып, көкірегіме түйіп алар көптеген ақпараттар таптым.

Дәл қазір қазақ тілін үйрену үстіндемін. Ақпан айынан бастап, қазақ тілін жетік меңгеруді қолға алдым, аздап сөйлеп жүрмін. Мысалы, «Армысың, достар! Қалыңыз қалай? Бүгін біз университетке барамыз. Бұл керемет уақыт. Рақмет, менің қымбатты, құрметті достарым!» Дұрыс айттым ба? Болашақта қазақ тілінде өз ойымды анық жеткіземін деген ниеттемін.

**- Сізге сәттілік тілейміз!**

- Рақмет!

## ЖАС ҚАЛАМ

\*\*\*

Өлең жазбай жүр едім көптен бері,  
Шайырлықтың шығар деп шөккен демі.  
Қаламымды қозғадың, жанымды да,  
О менің махаббатым көктемдегі.

Ақ жауының басты рас от кеудені,  
Таяу өтсем жұпарың өпкен мені.  
Сен менің қылығымды теріс көріп,  
Қалмашы өткендегі.

Жігітім бар деп едің күзде маған,  
Мен сонда жанарыңа жүз қарағам.  
Естігенде сол сөзді күйім қашып,  
Миымда ашып, жерім жоқ сыздамаған.

Қараймын да Ақ құба келбетіңе,  
Сыймай кете жаздаймын жер бетіне.  
Толқынданған шашыңа есім кетіп,  
Үйге қайта беруші ем тербетіле.

Мұң көрмесем деуші едім жанарыңнан,  
Сезімдімді сезбеуші ең талабымнан.  
Жүрегімді төңкерген махаббатым,  
Өлең болып өрілді қаламымнан.

Өткен сайын жанымнан өпті лебің,  
Өпкен сайын өтсе деп көп тілегім.  
Өлеңіме сыйғызған бұл сырымды,  
Құрбың біліп қоймасын деп тіледім.

## Көшесімен кешқұрым Алматыны



\*\*\*

Қарбаласып Алматы көшелері,  
Аяқ асты қылардай өр еңсені.  
Жүрегі жоқ жандардың арасынан,  
Ауық - ауық аяулым көрем сені.

Көремін де қаламын әлім құрып,  
Бұлдырайды елесің сағым болып,  
Ең бағалы сәттерім ойға оралып,  
Тілімдейді сағыныш жанымды орып.

Солай солай төбемнен Түн күліп мың,  
Жете жаздап шыңына жындылықтың.  
Жалғызаяқ жалқы үйге аяңдаймын,  
Көшесімен кешқұрым Фурмыновтың.

Бірде көктеп, бір солып үміт гүлім,  
Бір түнеріп, және тұр күліп күнім.  
Қатар көрген өмірдің бал мен зарын,  
Қайран, қайран, қайтейін жігіттігім.

\*\*\*

Түсімде тұрады ылғи бір кісі алып,  
Жанында қарагері тұр тұсалып.  
Бел жайлау қараша үйдің іргесінен,  
Отырам сол алыпқа дүрбі салып.

Жасырынып жанарыма жас тығылып,  
Ұлды көкірегімде қасқыр үміт.  
Булығып буырқанып бұрқылдаймын,  
Қалғандай бола берем бастырылып.

Мен үшін шебер адам, кемел адам,  
Қасымда жоқ қол созып келер ағам.  
Түсімде жалқы қалып кете берем,  
Ол алып келе береді неге маған?

Қозғаймын оянамда зорға қалам,  
Сол алып кезігердей жолда маған.  
Жолықсам не айтамын? Ол кім екен?  
Оған мен қандай шара қолдана алам.

Күбірлеп Құдайына Зор. Қу. Сенім,  
Теңіздей дауылдағы толқушы едім,  
Кейіннен үйренісіп кеткенім рас,  
Қопал аттай басында қорқушы едім.

Додаға қарагер деп жылқы салып,  
Түсімде жүреді ылғи бір кісі алып.  
Шетінде сол доданың тілекші боп,  
Тұратын болып кеттім дүрбі салып.

Айбын АХМАДИ, студент

### 2024-2026 жылдарға арналған «ЖАС ҒАЛЫМ» ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ конкурсының нәтижелері

«Елдің зияткерлік әлеуеті» Ұлттық ғылыми кеңесінің шешімдері негізінде «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер», «Жаратылыстану ғылымдары» ғылыми бағыттары бойынша 7 жобаны Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жас ғалымдары ұтып алғанын қуана хабарлаймыз.

Жеңімпаздарымызды құттықтаймыз:

- 1) **Мырзалы Назира**, AP22687086 «Мектептегі география курсына геосаясатты оқытудың әдістемелік негіздерін әзірлеу» жобасы;
- 2) **Стамбекова Жазира**, AP22685979 «Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдайында болашақ педагогтердің инновациялық әрекетін дамыту» жобасы;
- 3) **Советканова Дамира**, AP22686317 «Ресми және бейресми білім беру интеграциясы жағдайында магистранттардың дәрежелерін есіру (Stackable degree) моделін жасау» жобасы;
- 4) **Молдағали Мадина**, AP22685804 «Поэзияны зерттеуге арналған цифрлық платформаның интеграциялық әлеуеті» жобасы;
- 5) **Бутеев Бақтияр**, AP22688129 «Абайдың ғақлиясын жаңаша пайымдау және орыс тіліне тәржімелеу» жобасы;
- 6) **Утепова Дания**, AP22682939 «Осьтік симметриялы гравитациялық өрістердегі орбиталық серіктердің (сынақ денелерінің) қозғалысы кезіндегі жалпы релятивистік эффекттерді зерттеу» жобасы;
- 7) **Абдираманов Жанарыс**, AP22683307 «Капуто бөлшек дифференциалдау түріндегі жады бар гиперболалық типті аралас еселтерді шешудің сандық әдістерін құру» жобасымен.

Жас ғалымдарымызды құттықтаймыз және оларға одан әрі жетістіктер мен табыстар тілейміз!

Өз тілшімізден

## ФОРУМ

## «БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ»

I Республикалық студенттер форумы



Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетіне «Dauletten қайырымдылық қоры» жеке қорынан студенттерге шәкіртақы тағайындау туралы хат келіп түскен болатын.

Аталған қор білімге ұмтылған жастарды қолдау мақсатында 2020 жылдан бері 200 студентке «Білімнің жұлдызы» шәкіртақысын тағайындап келеді.

Шәкіртақы білім алушылардың әлеуметтік жағдайына, білімде және қоғамдық жұмыстарда жеткен жетістіктеріне байланысты оқу, қоғамдық іс-әрекеттерін, инновациялық жобаларын ынталандыруға бағытталған.

Аталған жобаға Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық факультетінің «6B01610-Тарих-қоғамтану» мамандығының 1 курс студенті Сымбат Назарова, «6B04202-Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті Фатима Бекболат, «6B01606-Тарих-география» мамандығының 3 курс студенті Ақсауле Айтешова қатысып, «Білімнің жұлдызы» шәкіртақысы иегерлері атанды. 2024 жылдың 30 мамырында Астанада «Dauletten» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен «Білімнің жұлдызы» I Республикалық студенттер форумы өтіп, жеңімпаздар марапатталды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Дәулет Мұқаев, Гүлдара Нұрымова, Гауһар Танашева, Таңсауле Серіков, Нұргүл Тау, Айна Мысырәлімова, Нартай Сәрсенғалиев және қоғам белсенділері қатысты.

Бір реттік шәкіртақыға ие болған студенттерді құттықтаймыз!

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да «Шетел тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі)» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында Республикалық пәндік олимпиада өтті. 44 университеттен 88 студент қатысқан олимпиадаға Абай университетінің Филология факультеті шет тілдері кафедрасының төрт студенті (Әлнұр Бақзор, Төркекелді Айхан, Өскенова Айсана, Абдуманап Ақжан) қатысып, бақтарын сынады.

## ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



Айта кетейік, бұл студенттер шет тілдері кафедрасы ұйымдастырған олимпиада нәтижелері бойынша іріктеліп алынды. Жарыс екі кезеңнен тұрды. 1 кезеңде қатысушылармен ағылшын тілінде әңгімелесу және білім беру бағдарламасы бойынша әдістемелік сұрақ-жауап; 2 кезеңде үй тапсырмасы бойынша жобаны қорғау.

Республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша Әлнұр Бақзор I дәрежелі дипломмен, ал Төркекелді Айхан үздік нәтижелері үшін дипломымен марапатталды. Ғылыми жетекшісі - Дана Шаяхметова, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент).

## БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

## ТМД үздік жас ғалымы деп танылды



Филология факультеті «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының студенті Тұрмұханова Нұрсәуле профессор М.Ш. Мусатаеваның жетекшілігімен ТМД ғылыми-білім беру мекемелері арасындағы «Үздік жас ғалым-2024» конкурсының жеңімпазы атанды. Аталмыш конкурс «Бөбек» жалпыұлттық қозғалысы бірлестігінің ұйымдастыруымен өтті.

Конкурс қорытындысы бойынша ғылым мен білімнің дамуына қосқан үлесі үшін Нұрсәуле Тұрмұханова ТМД елдерінің «Үздік жас ғалым-2024» медалімен марапатталды.

## ӨЗІЛ

Физика пәні бойынша "5" бағасының сұрағы:

– Кернеуді немен өлшейміз?

Физика пәні бойынша "4" бағасының сұрағы:

– Кернеу өлшенеді:

а) Вольтметр

ә) Амперметр

Физика пәні бойынша "3" бағасының сұрағы:

– Кернеу вольтметрмен өлшенеді ме?



МЕНШІК ИЕСІ:  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор  
Болат ШАРАХЫМБАЙ  
Көркемдеуші-дизайнер  
Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ  
Акерке ЫСҚАҚ  
фототілші  
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның  
мекен-жайы: 050010  
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,  
30-үй, № 323-бөлме.  
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56  
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 224  
Индекс 65285  
Таралымы 1000  
• Автордың мақалалары  
редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Редакцияға түскен материал  
қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының  
баспаханасында басылды

Баспа директоры  
Тағат ӘЛИАСҚАРОВ

Баспаның мекен-жайы:  
050010

Алматы қаласы,  
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.